

КЕЛІСІЛДІ

Респубикалық нотариаттық палатасы
«22» шілде 2024 ж.

БЕКІТІЛДІ

Астана қаласының Нотариаттық палатасы
«24» шілде 2024 ж.



Нотариус тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өту бағдарламасының тақырыптары бойынша тағылымдамадан өту кезінде алған білімдері мен дағдыларын бағалау сұрақтарының тізімі

1. Қазақстан Республикасының Парламенті қандай заңнамалық актілерді қабылдайды?
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі қандай нормативтік құқықтық актілерді шығарады?
3. Заң шығару бастамасы құқығының субъектілері.
4. Нормативтік құқықтық акт деңгейінің түсінігі.
5. Әр түрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерде қайшылықтар болған жағдайда қандай актінің нормалары қолданылады?
6. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция. Минск қаласында жасалған. Қанша ел қол қойды, қаншасы ратификациялады және қаншасы қосылды?
7. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция. Кишинев қаласында жасалған. Қанша ел қол қойды, қаншасы ратификациялады және қаншасы қосылды?
8. Нотариат дегеніміз не?
9. Нотариаттық әрекеттерді жасауға кім құқылы?
10. Нотариаттық қызмет принциптері?
11. Нотариус нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді кімге бере алады?
12. Кім нотариус бола алады және кім нотариус бола алмайды?
13. Нотариустың міндеттері
14. Нотариустың қызметін шектеу
15. Нотариустың құқықтары мен міндеттері
16. Жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы қандай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды?
17. Нотариаттық әрекетті тоқтата тұру және кейінге қалдыру негіздері?
18. Нотариус қандай жағдайларда нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартады?
19. Бірыңғай нотариаттық жүйенің мазмұны және БНАЖ-ға мәліметтерді енгізу тәртібі.
20. Нотариустың кіріс және шығыс құжаттарын ресімдеуі
21. Нотариус істерінің номенклатуrasesи. Мақсаты. Жарамдылық мерзімі. Даналар саны.
22. Нотариустың істерін ресімдеу тәртібі.
23. Уақытша және тұрақты сактау істері, уақытша мерзіммен (он жылдан астам) істердің айырмашылықтары қандай?
24. Қандай жағдайларда құжаттарды нотариус архивінің істерінен алуға жол беріледі?
25. Нотариаттық іс жүргізу құжаттары қайда сақталады?
26. «Нотариат туралы» ҚР Заңының 12-бабына сәйкес өз қызметін тоқтатқан, сондай-ақ аумақтық нотариаттық палатасының мүшелігінен шыққан жекеше нотариус өз істерін кімге және қандай уақыт ішінде тапсырады?
27. Қандай істер жеке нотариаттық архивке тапсырылуы тиіс?
28. Қандай құжаттар жеке нотариаттық архивке тапсырылмайды?
29. Нотариус қандай жағдайларда нотариаттық іс жүргізу құжаттарын жоя алады?
30. Жекеше нотариустардың табысына қандай мөлшерлеме бойынша салық салынады?
31. Шетелде іс-әрекеттер жасауға арналған құжаттарды ресімдеудің ерекшеліктері қандай?
32. Нотариустың мөрі. Жекеше нотариустың мөрін дайындауға тапсырысты кім жүзеге асырады.

- 33.Нотариустардың мөрлерін, куәландыруши жазбаларының мөртабандарын сақтау.
- 34.Қандай жағдайларда нотариустың мөрі жойылуы тиіс?
- 35.Нотариаттық құжаттар қандай қаріппен (шрифт) және көлемде (размер) басылады?
- 36.Нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтата түрү негіздері.
- 37.Нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтату негіздері.
- 38.Нотариустың лицензиясынан айыру. Негізі, тәртібі.
- 39.Республикалық нотариаттық палатаның өкілеттіктері.
- 40.Нотариаттық палатаның құқықтық жағдайы.
- 41.Нотариаттық округ нені білдіреді?
- 42.Нотариустар жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және олардың іс жүргізу жағдайын бақылау қай органның құзыretіне кіреді?
- 43.Нотариаттық округ деп не танылады?
- 44.Нотариаттық палатаның жоғарғы органды кім және оның өкілеттіктері?
- 45.Нотариаттық палатаның басшылығын кім жүзеге асырады?
- 46.Нотариаттық палатаның Жарғысында не көзделуі тиіс?
- 47.Жеке нотариаттық архив?
- 48.ҚР Әділет министрлігінің нотариаттық реттеу саласындағы құзыretі?
- 49.Аумақтық әділет органының өкілеттіктері?
- 50.Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен өкілеттіктері?
- 51.Нотариус жасаған нотариаттық әрекеттер?
- 52.Нотариаттық іс-әрекет жасау мерзімдері? Нотариаттық әрекетті кейінге қалдыру және тоқтата түрү негіздері мен мерзімдері?
- 53.Куәландырылатын мәмілелер мен куәландырылатын құжаттардың мәтіндеріне қандай талаптар қойылады?
- 54.Нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығына қандай шектеулер бар?
- 55.Қандай жағдайларда азаматтық заннама отбасылық және еңбек қатынастарына қолданылады?
- 56.Азаматтың құқықтық қабілеті қашан туындайды? Жеке тұлғада қай жастан бастап азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігі шектеулі және толық көлемде болады?
- 57.Азаматтың тұрғылықты жері нені білдіреді?
- 58.Қандай жағдайда азаматты мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот қайтыс болды деп жариялауы мүмкін? Қайтыс болды деп жарияланған адамның мүлкі кімге беріледі?
- 59.Қандай орган азаматты психикалық ауру себебінен әрекетке қабілесіз деп тани алады және азаматты әрекетке қабілесіз деп тану тәртібі?
- 60.Он төрт жасқа толған кәмелетке толмағандар өз бетінше қандай мәмілелер жасауға құқылы?
- 61.Қандай адамдар әрекетке қабілесіз азаматтардың заңды өкілдері бола алады?
- 62.Заңды тұлғаның негізгі белгілері. Заңды тұлғалардың түрлері.
- 63.Коммерциялық емес ұйым және коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға қандай ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін?
- 64.Толық серіктестікке қатысушы серіктестік қызметінің нысанасын құрайтын біртекtes мәмілелерге өз атынан және өз мүддесі үшін мәмілелерді жасауға құқылы ма?
- 65.Өндірістік кооператив мүшелері кооператив міндеттемелері бойынша қандай жауапкершілікте болады?
- 66.Шаруашылық серіктестіктердің түсінігі мен түрлері.
- 67.Қандай жағдайларда заңды тұлғаны қайта тіркеу қажет?
- 68.Командиттік серіктестікке қатысушы тұлғалар тобы.
- 69.Қазыналық кәсіпорын ұғымы.
- 70.Заңды тұлғаның филиалы туралы түсінік.
- 71.Заңды тұлғаны қайта құру мен заңды тұлғаны таратудың айырмашылығы неде?
- 72.Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар үшінші тұлғалар алдында қандай міндеттемелер атқарады?

- 73.Шаруашылық серіктестік басқа шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшысы бола ала ма?
- 74.Банкrottтық ұғымы. Банкrottтықты тану тәртібі.
- 75.Мәміле дегеніміз не? Мәміле түрлері?
- 76.Қандай мәмілелер міндетті нотариаттық куәландыруға жатады?
- 77.Кейінге қалдырылатын шартпен жасалған мәміле ұғымы және кейін күші жойылатын шартпен жасалған мәміле ұғымы.
- 78.Сенімхат ұғымы. Мерзімдері. Сенімхатты тоқтату. Қандай жағдайларда сенімхат нотариалды куәландырылуы тиіс?
- 79.Сенім білдіру тәртібімен сенімхатты беру нысаны мен тәртібі, өкілеттіктерді басқа тұлғага берген сенім білдірілген өкілдің іс-эрекеті және сенім білдіру бойынша берілген сенімхаттың өкілеттік шектері?
- 80.Сенім білдірілген өкіл тапсырманың орындалуын басқа тұлғага беруге құқылы ма?
- 81.Өкіл жасаған мәміле қандай құқықтық салдарға әкеп соғады?
- 82.Өкілдік ненің негізінде туындайды?
- 83.Қандай жағдайларда сенімхаттың қолданылуы тоқтатылады?
- 84.Талап қою мерзімдері және оларды есептеу тәртібі? Талап қою мерзімі қай сәттен басталады? Талап қойғанға дейінгі талап қою мерзімінің аяқталуының салдары.
- 85.Талап қою мерзімі қандай талаптарға қолданылмайды?
- 86.Міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдері?
- 87.Ипотека кезінде кепілге қойылған мүлік кімге беріледі?
- 88.Кепілдік немесе кепілгерлік (поручительство) шарттары қандай нысанда жасалады?
- 89.Жылжымалы және жылжымайтын мүлікке қатысты кепіл құқығы қай сәттен бастап туындайды?
- 90.Кепілгердің (поручитель) жауапкершілік түрі және кепілдеме берген адамның (гарант) жауапкершілік түрі.
- 91.Ипотека мен кепіл зат (заклад) арасындағы айырмашылық неде?
- 92.Ортақ мүліктегі үlestі алу құқығы тәуелсіз кепілзат (залог) бола ала ма?
- 93.Кепілзат болып табылатын ақша қайда орналастырылады?
- 94.Кепілзат (залог) туралы шарт жасасу нысаны. Кепілзат туралы шарттың занда көзделген нысанын сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады ма?
- 95.Қайта кепілзат (перезалог) қоюға жол беріле ме және кепілзатты ауыстыруға жол беріле ме?
- 96.Кепілзат берушінің кепілге қойылған мүлікті мұраға қалдыру құқығын шектейтін келісім жарамды ма?
- 97.Кепілге салынған мүлік болған немесе болуы тиіс кепіл ұстаушы оны басқа біреудің заңсыз иелігінен, оның ішінде кепіл берушінің өзінен де талап етуге құқылы ма?
- 98.Кепілге салынған мүлікті сату кезінде кепіл берушінің немесе кепіл ұстаушының сауда-саттыққа қатысуға құқығы бар ма?
- 99.Кепіл ұстаушы кепілзат туралы шарт бойынша өз құқықтарын басқа тұлғага беруге құқылы ма?
- 100.Екіден аз сатып алушының қатысуына байланысты кепілге салынған мүлікті сату бойынша сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда кепіл ұстаушыға қандай құқық берілді?
- 101.Кепілдік және кепілгерлік шартын жасасудың занда көзделген нысанын сақтамау шарттардың жарамсыздығына әкеп соғады ма?
- 102.Ортақ меншікті құрайтын мүлік кепілге берілуі мүмкін бе?
- 103.Жылжымайтын мүлікті беру шарты бойынша сатып алушының меншік құқығы қай сәттен бастап туындайды?
- 104.Қандай мүлік ортақ бірлескен меншік болып табылады?
- 105.Жаңашылдық ұғымы.
- 106.Қарызыды аударудың міндетті шарты қандай?

- 107.Аралас шарт ұғымы.
- 108.Өсиет туралы жалпы ережелер. Өсиет қалдырушының құқықтары. Өсиетті ресімдеу және оған қол қою.
- 109.Өсиеттерді өзгерту және жою тәртібі.
- 110.Өсиеттен бас тарту. Өсиет қалдыру. Шарты бар өсиет. Мұрагерлерді тағайындау.
- 111.Мұраға қалдырылмаған мүліктің бір бөлігін мұраға қалдыру.
- 112.Құпия өсиет. Құпия өсиетті куәландырудың және жария етудің ерекшеліктері, тәртібі.
- 113.Мұрагерлік негіздері. Мұраның ашылуы. Мұраның ашылу орны мен уақыты. Мұрагерлер.
- 114.Лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен жою.
- 115.Заң бойынша мұрагерлік. Мұрагерліктің кезектілік тәртібі.
- 116.Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі.
- 117.Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі, Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі.
- 118.Мұраны қабылдау. Мұраны қабылдау тәсілдері. Мұраны қабылдау мерзімі. Белгіленген мерзім өткеннен кейін мұраны қабылдау.
- 119.Мұрадан бас тарту құқығы. Мұрадан бас тарту мерзімі. Белгіленген мерзім өткеннен кейін мұрадан бас тарту.
- 120.Мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия).
- 121.Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру. Мұрагерлік құқығы туралы куәлікті беру орны мен мерзімі. Мұраға құқық туралы куәлік беру тәртібі.
- 122.Мұраға қалдыру үлестердің өсуі.
- 123.Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік.
- 124.Мұра қалдырушының еңбекке жарамсыз асырауындағы адамдары.
- 125.Мұрагерлік істерді қалыптастыру және ресімдеу. Мұрагерлік істер мен өсиеттерді есепке алу.
- 126.Мұраны қабылдаған мұрагерлер мұра қалдырушының қарыздары бойынша қандай мөлшерде жауап береді?
- 127.Кімнің және қандай мөлшерде мұрадағы міндettі үлеске құқығы бар.
- 128.Қандай өсиеттер нотариалды куәландырылған өсиеттерге теңестіріледі?
- 129.Өсиет қалдырушы қайтыс болғаннан кейін бір мүлікке қатысты өсиет өкімдерінің қайсысы күшіне енеді?
130. Мұрагерлердің тұрғылықты жері белгісіз болған кезде оларға ашылған мұра туралы хабарлау қажет болған нотариус қалай әрекет етуі керек?
- 131.Тірі қалған жұбайына меншік құқығы туралы куәлік қандай мүлікке берілуі мүмкін?
- 132.Егер заң бойынша да, өсиет бойынша да мұрагерлер болмаса, мұра асырауындағы адамдарға ауыса ма?
133. Егер мұрагерлер мұрагермен туыстық қатынастар туралы дәлелдемелер беру мүмкіндігінен айырылса, олар мұрагерлікке құқық туралы куәлікке заң бойынша енгізіле ме?
- 134.Егер мұраны қабылдау туралы өтініш почта арқылы түссе, бірақ мұрагердің қол қоюының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылмаған болса, нотариустың әрекеттері қандай?
- 135.Кім куәгер және қол қоюға жәрдемдесуші (рукоприкладчик) бола алмайды?
- 136.Кейінгі кезектердің мұрагерлері кім?
- 137.Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік?
- 138.Мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия)?
- 139.Мұраның ашылу уақыты мен орны?
- 140.Кім мұрагер бола алады және кімнің мұрагерлік құқығы жок?
- 141.Мұраның құрамына не кіреді?
- 142.Кім өсиетті орындаушы бола алмайды?
- 143.Неке жасы. Дәлелді себептер болған кезде неке қиоды мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАТ органдары неке жасын қандай мерзімге төмендете алады?

144. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі не болып табылады?
145. Қандай жағдайларда неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады, ал қандай жағдайларда сот тәртібімен жүргізіледі?
146. Ерлі-зайыптылардың меншігі қандай меншік түріне жатады және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде үлестер қалай анықталады?
147. Неке қиуды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты қай уақыттан бастап күшіне енеді?
148. Неке шартын өзгерту және бұзу. Неке шартын жарамсыз деп тану.
149. Неке шарты туралы түсінік. Неке шартын жасасу тәртібі мен нысаны.
150. Ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу кезінде нотариус бірінші кезекте не анықтайды?
151. Қандай жағдайда ата-аналар (олардың біреуі) ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін және қай орган ата-ана құқығынан айыруға құқылы?
152. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін кім қорғайды?
153. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының құқықтық жағдайы.
154. Қорғаншы немесе қамқоршыны тағайындау.
155. Келісім негізінде кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алуға бола ма?
156. Алимент қай сәттен бастап беріледі?
157. Балаларды асырауға қаражат қандай тәртіппен өндіріп алынады?
158. Балаларға алимент мөлшері.
159. Ата-анасынан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және тәрбие, емдеу және басқа мекемелердегі балаларға өндіріп алынатын алименттер қайда есептеледі?
160. Алимент төлеу туралы келісім жасасу нысаны. Алимент төлеу туралы келісім жасасу кезінде айқындалатын алимент мөлшері?
161. Суррогат ана мәселелері мен жасанды ұрықтандыру әдістерін құқықтық реттеу.
162. Суррогат ана болу шартының мазмұны
163. Суррогат анаға қойылатын талаптар қандай?
164. Суррогат ана болу шартының құқықтық салдары.
165. Кондоминиум ұғымы.
166. Тұрғын үйге меншік құқығының пайда болуы.
167. Тұрғын үйге жеке меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтату мүмкін бе?
168. Шарт бойынша сатып алушыда жылжымайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуының қажетті және жеткілікті шарты қандай?
169. Меншік иесінің ортақ мүліктегі өз үлесін жеке меншік құқығымен өзіне тиесілі үй-жайдан бөлек иеліктен шығаруға құқығы бар ма?
170. Ортақ бірлескен меншіктегі тұрғын үй қандай жағдайда иеліктен шығаруға жатады?
171. Кондоминиумның ортақ мүлкіндегі үй-жайдың әрбір иесінің үлесі қалай анықталады?
172. Құқықтық кадастрга не кіреді?
173. Жерді пайдалану түрлері?
174. Жер пайдаланушылардың түрлері?
175. Тұрақты жер пайдалану құқығы қандай тұлғаларға тиесілі бола алмайды?
176. Қазақстан Республикасының жер қорына олардың нысаналы мақсатына сәйкес енгізілген жер санаттары.
177. Қандай жағдайда жер пайдаланушының жер участесіне жер пайдалану құқығымен мәмілелер жасауға құқығы жоқ?
178. Қорғаның мұқтажы үшін берілген жерлерде оны иеліктен шығаруды қоса алғанда, жер пайдалану құқығына қатысты жер пайдаланушылардың азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауына жол беріле ме?
179. Бөтен жер участесін шектеулі нысаналы пайдалану құқығы дегеніміз не?
180. Жер участесі Қазақстан Республикасы азаматының жеке меншігіне қандай мақсатта берілуі мүмкін?
181. Уақытша қысқа мерзімді жер пайдалану құқығы қандай максималды мерзімге берілуі мүмкін?

- 182.Жер участкесінің меншік иесі (жерді пайдаланушы) сервитут белгілеу туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда дауларды шешу тәртібі?
- 183.Қандай жер участкелері жеке меншіктегі бола алмайды?
- 184.Жеке меншіктегі жеке үй (қосалқы) шаруашылығын, бау-бақша шаруашылығын және саяжай құрылсының жүргізу үшін берілген жер участкелері қандай тұлғалардың иелігінде бола алмайды?
- 185.Жер участкесіне заттық құқықтардың шегі.
- 186.Меншік иесі (жерді пайдаланушы) өзіне тиесілі жер участкесін (жерді пайдалану құқығын) осы участкеде орналасқан ғимаратты (құрылышты) бір мезгілде иеліктен шығармай иеліктен шығаруға құқығы бар ма?
- 187.Бөлінетін жер участкесін бөлу және жер участкелерін біріктіру құқықтық кадастранда мемлекеттік тіркелуге жатады ма?
- 188.Меншік иесі (тұрақты жер пайдаланушы) өзіне тиесілі жер участкесін бөлуге құқығы бар ма?
- 189.Нормативтік құқықтық актілер негізінде туындайтын сервитуттар мемлекеттік тіркеуге жатады ма?
- 190.Жерді пайдалану құқығы ұғымы. Жерді пайдалану құқығының тұрлери.
- 191.Меншік иесі (тұрақты жер пайдаланушы) өзіне тиесілі бөлінетін жер участкесінің бір бөлігін иеліктен шығарады. Тараптар иеліктен шығарылатын бөлігін дербес жер участкесіне алдын ала бөлмей-ақ сатып алу-сату шартын жасасуға құқығы бар ма?
- 192.Ортақ меншіктегі (ортақ жер пайдаланудағы) жер участкесін пайдалану тәртібі туралы келісім құқықтық кадастранда мемлекеттік тіркелуге жатады ма?
- 193.Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамынан жер участкесі шетелдік азаматқа қандай заттық құқықпен берілуі мүмкін?
- 194.Уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы қандай максималды мерзімге берілуі мүмкін?
- 195.Жер участкесінің кепіл шарты (жер пайдалану құқығы) мемлекеттік тіркеуге жатады ма?
- 196.Жеке табыс салығын төлеуші кім болып табылады?
- 197.Қандай жағдайда жеке тұлғаның салық міндеттемесі тоқтатылады?
- 198.Портта болған оқиғадан туындаған теңіз наразылығы туралы өтініш қай мерзім ішінде беріледі?
- 199.Қандай жағдайларда нотариус азамат берген құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландырады?
- 200.Нотариус қолданысы тоқтатылған құқықтық қатынастардың мазмұнын қамтитыны негізінде құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландырудан бас тартуға құқылы ма?
- 201.Нотариустың депозитіне ақша қабылдау кезіндегі нотариустың әрекеттері?
- 202.Нотариус азаматтың тірі екендігін немесе белгілі бір жерде болу фактісін анықтай ала ма?
- 203.Нотариус дene кемістігі, ауруы немесе сауатсыздығы салдарынан мұны өз қолымен жасай алмайтын мәмілеге қатысушының тапсырмасы бойынша бөгде адам қол қойған мәмілені куәландыруға құқығы бар ма?
- 204.Нотариус мәмілелерге қатысатын жеке тұлғалардың әрекет қабілеттілігін және занды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігін қашан анықтайды?
- 205.Нотариатты түрде куәландырған мәміленің мазмұны баяндалатын құжаттар даналарының саны.
- 206.Нотариус жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шартын куәландырған кезде қандай құжаттарды талап етуге құқылы?
- 207.Нотариаттың іс-әрекеттер нотариустың үй-жайынан тыс жерде жасалуы мүмкін бе?
- 208.Нотариаттың іс-әрекет жасауға өтініш жасаған адамның жеке басы қандай құжатпен куәландырылады?
- 209.Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелген занды тұлғаның құқық қабілеттілігі қандай құжатпен айқындалады?

210. Занды тұлғаның бірінші басшысының, занды тұлға өкілінің, сондай-ақ филиал (өкілдік) басшысының өкілеттіктері қандай құжатпен айқындалады?
211. Жеке тұлға өкілінің өкілеттігі қандай құжатпен анықталады?
212. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттіктері қандай құжатпен анықталады?
213. Қорғаншының (қамқоршының) қорғаншылыққа (қамқорға) алынушыға (подопечный) қатысты өкілеттігі қандай құжатпен айқындалады?
214. Нотариус нотариаттық іс-эрекетке жүгінген адамның әрекетке қабілеттілігін қалай анықтайды?
215. Нотариаттық құпияның ашылуына не жатпайды?
216. Нотариатты қуәландырылған құжаттарға қандай талаптар қойылады?
217. Нотариус нотариатты қуәландырылған құжаттағы қателерді түзетуге құқығы бар ма?
218. Қандай мәмілелер міндетті нотариаттық қуәландыруға жатады?
219. Нотариус заңнамада міндетті нотариаттық нысан белгіленбеген мәмілені қуәландыруға құқығы бар ма?
220. Кәмелетке толмаған балалардың, қамқорлыққа алынушының атынан ата-аналардың (асырап алушылардың), қорғаншылардың (қамқоршылардың) мәмілелер жасауы үшін кімнің рұқсаты талап етіледі?
221. Шартты бұзу қалай ресімделеді?
222. Шарттарды бұзған кезде оларды қуәландырганы үшін бұрын төленген сома қайтарыла ма?
223. Нотариус бірлескен немесе үлестік меншіктегі мүлікті иеліктен шығару шарттарын қуәландырган кезде басқа меншік иелерінің (оның ішінде ерлі-зайыптылардың) келісімін талап етуі тиіс пе?
224. Ортақ үлестік меншікке қатысушылардың үлесті сату туралы хабарлауының дәлелі не болып табылады?
225. Нотариус жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шартын қуәландыру кезінде иеліктен шығарылатын мүлікке ауыртпалықтардың жоқтығын қалай тексереді?
226. Қандай жағдайларда бір жылдан астам мерзімге пайдалану құқығына ауыртпалық салынған жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға жол беріледі?
227. Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі және оның негізгі міндеттері
228. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуга) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «қаржылық мониторинг» деп не түсініледі?
229. Қаржы мониторингі субъектісі қандай жағдайларда ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартуға міндетті?
230. Клиенттерді тиісті тексеру қандай жағдайларда жүзеге асырылады?
231. Клиенттің дұрыс тексерілуіне қатысты әрекеттерді санамалап көрсетініз.
232. Қандай жағдайларда клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне тиісті тексеру жүргізу қажет?
233. Клиенттерді дұрыс тексеру үшін күшейтілген шаралар қолданылатын жағдайды санамалап көрсетініз.
234. Клиенттерді дұрыс тексерудің күшейтілген шараларына қатысты әрекеттерді санамалап көрсетініз.
235. Қаржы мониторингі субъектісі, клиент жасаған операцияларды зерттеу және осындағы зерттеудің нәтижелерін тіркеу үшін міндетті негіздерді атаңыз?
236. Қандай жағдайларда қаржы мониторингі субъектісінің іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнатуға құқығы жоқ?
237. Қаржы мониторингі субъектілері клиенттер - жеке тұлғаларға қатысты қандай мәліметтерді тіркеуге міндетті?
238. Қандай жағдайда қаржы мониторингі субъектілері қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша қабылданатын шаралар туралы клиенттерді хабардар ете алады?

239. Қандай жағдайда қаржы мониторингі субъектісі іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарта алады?

240. Мәртебесі және (немесе) қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру қаупін арттыратын клиенттердің типтерін атаңыз.

241. Қандай жағдайларда терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке тұлға ақшалай қаражатпен немесе өзге де мүлікпен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар?

242. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бенефициарлық меншік иесі кім болып табылады?

243. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер қаншалықты жиі жаңартылады?

244. Қаржы мониторингі субъектілеріне жариялаузымында тұлғаларға қатысты қандай қосымша шаралар қолдану қажет?

245. Құдікті операцияның белгілеріне қандай әрекеттер жатады, санамалап айтыңыз?

246. Қызмет көрсету, оның ішінде мердігерлік, тасымалдау, көлік экспедициясы, сактау, комиссия, мүлікті сенімгерлік басқару мәмілелері бойынша қаржылық мониторингке жататын шекті соманы атаңыз?

247. Меншік құқығының ауысуы болып табылатын жылжымайтын мүлікпен мәмілелер жасалған кезде қаржылық мониторингке жататын шекті соманы атаңыз?

248. Мемлекеттік тіркеу кезінен бастап үш айдан аз уақыт өткен заңды тұлғалар жасаған операцияларға қол жеткізілген сома қаржылық мониторингке жатады?

249. Қаржы мониторингі субъектісі Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне құдікті операция туралы ақпаратты қандай мерзім ішінде ұсынуы қажет екенін атаңыз.

250. Жекеше нотариус Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы ақпаратты қандай мерзім ішінде ұсынуы қажет?

251. Қаржы мониторингі субъектісі Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне шекті операция туралы ақпаратты ұсыну қажет болатын мерзімді көрсетініз.

252. Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі нотариусқа ФМ-1 нысанын қабылдау/қабылдамау туралы хабарламаны қандай мерзім ішінде жібереді?

253. ФМ-1 нысанын қабылдамағаны туралы хабарлама алған жағдайда, нотариус қай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне түзетілген ақпаратты жіберуі қажет?

254. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтердің сакталу мерзімін көрсетініз.

255. Нотариустар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес клиенттен (оның өкілінен) қандай мәліметтерді талап етуге құқылы екенін атаңыз.

256. Қаржы лизингі шарты бойынша мүлікті алу немесе беру жөніндегі операция жасалған кезде қаржылық мониторингке жататын соманы атаңыз?

257. Қандай сомага жеткен жағдайда, ұйымдастырылған нарықтағы ашық сауда-саттық

әдісімен репо операцияларын қоспағанда, акциялармен және пайлық инвестициялық қорлардың пайларымен қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысандағы мәмілелер қаржылық мониторингке жатады?

258. Қандай сомаға жеткен жағдайда, бағалы металдар мен асыл тастарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды сатып алу-сату туралы мәмілелері қаржылық мониторингке жатады?

259. Қандай сомаға жеткен жағдайда, мәдени құндылықтарды сатып алу (сату), Қазақстан Республикасына әкелу не Қазақстан Республикасынан әкету жөніндегі операциялар қаржылық мониторингке жатады?

260. Қандай сомаға жеткен жағдайда, үйымдастырылған нарықтағы ашық сауда-саттық әдісімен репо операцияларын қоспағанда, қол жеткізілген кезде облигациялармен және мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер қаржылық мониторингке жатады?

261. Қаржы мониторингі субъектілерінің оқыту процесінде зерделенген материалды зерделеуді растау мақсатында бақылаудың қандай түрлері көзделген?

262. ҚКЗ/ТҚ саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін қаржы мониторингі субъектілеріне қандай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін?

263. Нотариус «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 214-бабы бойынша қандай әкімшілік жауапкершілікке тартылуға тиіс?

264. Құдікті операция туралы ақпарат ұсынылмаған, уақтылы ұсынылмаған жағдайда нотариустар үшін қандай жауапкершілік көзделген?

265. Нотариус Клиентті сәйкестендіру бағдарламасында Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидасында нені қарастыруы тиіс?

266. Ишкі бақылау қандай мақсатта жүзеге асырылады?

267. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асырудың қандай бағдарламалары ішкі бақылау қағидаларына енгізілуге тиіс?

268. Нотариус Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларын ішкі бақылауды үйымдастыру бағдарламасында нені қарастыруы тиіс?

269. Клиент (оның өкілі) және жоғары деңгейдегі бенефициарлық меншік иесі туралы ақпаратты жаңарту мерзімдерін атаңыз?

270. Нотариустың қызметтерінің (өнімдерінің) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалау жүзеге асырылатын мерзімін көрсетініз және бағалау қандай факторларды ескере отырып жүзеге асырылады?

271. Бастапқы және қайталама жылжымайтын мүлікті атаңыз?

272. Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрық паспорты ұфымы?

273. Жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларын санамалап көрсетініз?

274. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу дегеніміз не? Электрондық құқықтарды тіркеу дегеніміз не?

275. Объект дегеніміз не, жылжымайтын мүлікке қандай құқықтар мемлекеттік тіркеуге жатады?

276. Қандай ауыртпалықтар мемлекеттік тіркеуге жатады?

277. Мемлекеттік тіркеудің түсінігі мен құқықтық маңызы?

278. Нотариустың дәлелді сұрауы бойынша құқықтық кадастран қандай ақпарат берілуі мүмкін және не арқылы берілуі мүмкін?

279. Нотариаттың іс-әрекет жасалғаннан кейін құқықтарды (құқықтардың ауыртпалықтарын) электрондық тіркеу кезінде нотариустың іс-қимыл тәртібі?

280. Құқытарды электрондық тіркеу мерзімдерін атаңыз?
281. Құқықтарды тіркеу үшін құқық белгіліетін құжат қандай мәліметтерді қамтуы тиіс?
282. Қандай жағдайларда мемлекеттік тіркеуге берілген құжаттарды қабылдаудан бас тартылады?
283. Құқықтарды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұрудың негіздерін атаңыз, қандай жағдайларда құқықтарды электрондық тіркеу тоқтатылмайды?
284. Қандай жағдайларда жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тартылады?
285. Ауыртпалықтар болған кезде жылжымайтын мүлікке құқықтарды қандай жағдайларда тіркейді?
286. Жүргізілген мемлекеттік тіркеуді куәландыру және электрондық тіркеуді растау қалай жүргізіледі?
287. Қандай жағдайда нотариус құқық белгіліетін құжаттың телнұсқасын береді?
288. Мұрагердің жылжымайтын мүлікке құқықтары тіркелмеген жағдайда, мұрагерлік кезінде құқықтарды тіркеу тәртібі?
289. Атқарушылық жазба ұғымы. Атқарушылық жазбалар жасау тәртібі.
290. Атқарушылық жазба жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі.
291. Атқарушылық жазбаның мазмұны.
292. Атқарушылық жазбаны ұсыну мерзімдері.
293. Нотариустың атқарушылық жазбасымен қандай мүлік өндіріп алынады?
294. Атқарушылық жазба жасалатын талаптар бойынша қандай мерзімдер сақталуы тиіс?
295. Қызыметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақыны және де төлемдерді өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау кезінде қандай мерзім сақталуы тиіс?
296. Нотариус қандай негіздер бойынша және қандай мерзімде атқарушылық жазбаның күшін жоя алады?
297. Нотариус өндіріп алушыға және борышкерге атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулының не атқарушылық жазбаның күшін жоюдан жазбаша бас тартудың көшірмесін қандай мерзімде жібереді?
298. Нотариаттық іс-эрекет жасау кезінде жіберілген қатені анықтаған кездегі нотариустың әрекеті.
299. Нотариалды куәландырылған келісімдердің түрлері.
300. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты тиісті мемлекеттердің зандары бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде азаматтық хал актілерінің жасалғанын растайтын шет мемлекеттердің құзыретті органдары берген құжаттар Қазақстан Республикасында жарамды деп таныла ма?